

## Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1330 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 2 маусымдағы № 734 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.02 № 734 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 қыркүйектегі N 1258 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 30, 376-қ ұ ж а т ) ;

2) "Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы жөніндегі зоологиялық комиссияның ережесі мен құрамын және Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының 3-ші басылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 ақпандағы N 177 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 7, 45-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2004 жылғы 15 желтоқсандағы  
N 1330 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының  
Қызыл кітабы туралы ереже**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітіледі және Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің жай-күйі туралы мәліметтер жиынтығын, оларды зерделеу, қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі қажетті шараларды қамтитын, жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері тізбесінің суретті басылымы болып табылады. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы сонымен бір мезгілде жануарлар мен өсімдіктер әлемі мемлекеттік кадастрының құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына жануарлар (омыртқалылар және омыртқасыздар) мен өсімдіктердің (жоғары және төмен) Қазақстан Республикасының аумағында құрғақта, суда, атмосферада және топырақта, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрылықтағы қайраңын және айрықша экономикалық аймағын тұрақты немесе уақытша табиғи еркіндік жай-күйінде мекендейтін сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері (шағын түрлері, популяциялары) енгізіледі.

3. Саны және орнықты тіршілік ету жағдайлары олардың өсімін молайту мен табиғи еркіндік жай-күйінде тектік қорын сақтау қаупін болдырмайтын шегіне дейін қалпына келтірілген жануарлар мен өсімдіктердің түрлері (шағын түрлері, популяциялары) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабынан алып тастауға жатады.

## 2. Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының құрылымы

4. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы екі томнан тұрады: жануарлар (1-том) және өсімдіктер (2-том). Әр том бір кітап немесе бірнеше бөліктер (бөлімдер топтары немесе жеке бөлімдер бойынша) түрінде шығарылуы және қосымша ретінде - жануарлар мен өсімдіктердің құрып кеткен түрлерінің және шағын түрлерінің аннотация жазылған тізбесін, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы ереженің және жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық кесімдердің мәтіндерін қамтуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы мемлекеттік және орыс тілдерінде шығарылады, кез келген шетел тіліне аударылуы мүмкін.

5. Жануарлар мен өсімдіктер түрлерін сипаттау тәртібін тиісінше Қазақстан Республикасының Қызыл кітап жөніндегі Зоологиялық және Ботаникалық

комиссиялары (бұдан әрі - Зоологиялық және Ботаникалық комиссиялар)  
б е л г і л е й д і .

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына жазылған жануарлар мен өсімдіктердің әрбір түрі (шағын түрі, популяциясы) үшін мынадай негізгі деректер келтіріледі: түрдің латын, қазақ және орыс тілдеріндегі атауы; мәртебесі ; сыртқы түрінің бейнеленуі; Қазақстан Республикасында картаға түсірілген, бұрын және қазіргі таралуы; саны және оның өзгеру үрдісі; лимиттеудің негізгі факторлары және саны мен ареалының өзгеру себептері; жасанды, еріксіз және мәдени жағдайларда өсіру мүмкіндігі туралы мәліметтер; Қазақстан Республикасының аумағын мекендейтін популяцияның (популяциялардың) түрдің тектік қорын сақтаудағы рөлі; қорғаудың қабылданған және қажетті шаралары; ақпарат көздері. Қажет болған жағдайларда сондай-ақ, организм дамуының жасы мен маусымдық ерекшеліктеріне тән (кұрт, жұмыртқа салу, қуыршақ, өсімдік бөліктері және басқалар) бейнелеу де келтіріледі.

### **3. Жануарлар мен өсімдіктерді Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу және одан алып тастау тәртібі**

6. Жануарлар мен өсімдіктердің сол немесе өзге де түрін (шағын түрін, популяциясын) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу және оның мәртебесін айқындау үшін оның санының қауіпті түрде қысқаруы, ареалының азаюы, тіршілік ету жағдайларының қолайсыз өзгерістері туралы деректер немесе оны қорғау мен өсімін молайту жөнінде шұғыл шаралар қабылдау қажеттігі туралы куәландыратын кез келген басқа да деректер негіз болады. Халықаралық табиғат қорғау одағының жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерінің тізіміне енгізілген және Қазақстан Республикасының аумағын мекендейтін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері (ХТҚО-ның Қызыл кітабы) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына бірінші к е з е к т е е н г і з і л е д і .

7. Зоологиялық және Ботаникалық комиссиялар жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін (шағын түрлерін, популяцияларын) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу, одан алып тастау туралы, сондай-ақ олардың әрқайсысына қандай да бір мәртебе беру туралы жеке және заңды тұлғалардың ұсыныстарын қарайды. Жекелеген мәселелерді қарау кезінде Зоологиялық және Ботаникалық комиссиялар жазбаша сараптамалық қорытынды әзірлеу үшін де, Зоологиялық және Ботаникалық комиссиялардың отырыстарына қатысу үшін де зоология мен ботаниканың әр түрлі бөлімдері бойынша мамандарды тартады.

8. Жануарлар мен өсімдіктердің сол немесе өзге де түрлерін (шағын түрлерін, популяцияларын) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу (одан

алып тастау) туралы ұсынымдарды Зоологиялық және Ботаникалық комиссиялар жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері тізбелерінің жобалары түрінде олардың мәртебесін көрсете отырып, жануарлар дүниесін қорғау, өсіетін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі - Уәкілетті орган) енгізеді.

9. Уәкілетті орган жануарлар мен өсімдіктердің сол немесе өзге де түрлерін (қосымша түрлерін, популяцияларын) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу немесе одан шығару туралы Зоологиялық және Ботаникалық комиссиялардың ұсынымын белгіленген тәртіппен қарағаннан кейін жануарлар мен өсімдіктердің түрін (шағын түрін, популяциясын) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түр санатына жатқызу немесе сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгендерді басқа санатқа ауыстыру туралы шешімнің жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекіту үшін енгізеді.

10. 9-тармақта көрсетілген мәселелерден басқа, Комиссия: жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің мәртебелерін айқындау үшін ХТҚО-ның Қызыл кітабының санаттары мен өлшемдерін пайдалану туралы;

Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының зоологиялық және ботаникалық бөлімдерінің құрылымы туралы;

Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының зоологиялық және ботаникалық бөлімдеріндегі ақпарат көлемі туралы;

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы томдарының бөліктерін шығарудың (том бөліктеріне бір немесе бірнеше бөлімдерді қоса отырып) және Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының дубликаттарын қайта шығарудың орындылығы туралы мәселелерді қарайды.

Осы мәселелер жөніндегі ұсыныстарды Зоологиялық және Ботаникалық комиссиялар Уәкілетті органға жібереді.

11. Зоологиялық және Ботаникалық комиссиялардың құрамына олардың жұмыс орындарына қарамастан, зоологиялық ғылымның (териология, орнитология, герпетология, ихтиология, энтомология, арахнология және басқалар) және ботаникалық ғылымның (флористика, геоботаника, альгология, лихенология және басқалар) негізгі бөлімдері бойынша жетекші мамандар кіреді.

12. Зоологиялық және Ботаникалық комиссиялардың қызметін ұйымдастыруды Уәкілетті орган жүзеге асырады.

#### **4. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізу тәртібі**

13. Уәкілетті орган осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізеді және оны басып шығаруды қамтамасыз етеді.

14. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының түпнұсқалық бірдей күші бар үш данасының біреуі - Қазақстан Республикасының Үкіметінде, екіншісі - Уәкілетті органда үшіншісі - ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органда болады. Осы Ережеде белгіленген тәртіппен қабылданған толықтырулар мен өзгерістер үш мәтінге бір мезгілде енгізіледі. Барлық қалған даналар Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының дубликаттары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы дубликаттарының таралу тәртібін Уәкілетті орган белгілейді.

15. Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының дубликаттарын басып шығару Уәкілетті орган шешімінің негізінде жүргізіледі.

16. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің (шағын түрлерінің, популяцияларының) жай-күйі туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында мақала және жарияланым түрінде кеңінен таралуға жатады.

## **5. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін қорғау жөнінде деректер жинаудың және іс-шаралар әзірлеудің тәртібі**

17. Жануарлар дүниесін пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің таралуы, саны және пайдаланылуы туралы, сондай-ақ олардың өлу мен ауыру жағдайлары туралы қолда бар мәліметтерді Уәкілетті орган мен оның аумақтық органдарына ұсынады.

18. Жануарлар мен өсімдіктердің таралуы, саны, биологиясы, пайдаланылуы туралы қолда бар деректердің негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің әрбір түрі (шағын түрі, популяциясы) үшін мекендейтін ортаның жай-күйі мен өзгеру сипаты бойынша, Уәкілетті орган мамандандырылған ғылыми-зерттеу мекемелерімен бірлесіп, осы жануарлар мен өсімдіктерді зерделеу, қорғау және өсімін молайту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді.

19. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің жай-күйін зерделеу мақсатындағы ғылыми зерттеулер басым бағыттардың бірі болып табылады. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін (шағын түрлерін, популяцияларын) ғылыми зерттеуді үйлестіруді және зерделеудің арнаулы

бағдарламаларын әзірлеуді Уәкілетті орган ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК